

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018.- Т.1, Ч.2. - Б. 155-157.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ «ИЖЕВСКИЙ» ӨНДІРІСТІК КӘСПОРНЫНДА СИЫР ЖЕЛІНІНІҢ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІН ҚҰРАСТЫРУ

Бақытжанқызы М., 2-курс магистранты

Қазіргі кезде еліміздің тәуелсіздігін дамытып, экономикасын жоғары деңгейлерге жеткізу мақсатында мал шаруашылығының алатын орны зор.

Өнеркәсіптік сүт кешендерінде сиырларды ұстау және азықтандыру шарттарының, машинамен сауудың ережесі мен технологиясының сақталмауы малдың инфекцияға жалпы және жергілікті төзімділігін төмендетіп, сыртқы ортада, желінде бактериялар жиналып, көбеюіне ауру малдан сау малға жұғуына жағдай жасайды. Дер кезінде зерттелмеуіне орай ауру сиырлардан алынатын сүт, басқа өнімдер сау сиырлар сүтімен қосылып, адамға зиянын тигізеді. Бұл жағдайда адамдарда дисбактериоз, интоксикация пайда болады. Сүт өндіру өнімділігіне және сүттің санитариялық-технологиялық көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер ететін аурулардың бірі - сиыр желінінің қабынуы, яғни желінсау[1].

Желінсау экономикалық тұрғыдан айтарлықтай кері әсерін тигізеді, себебі желінсаумен ауыратын сиырлардың сүт өнімділігі төмендейді, сүттің санитариялық және технологиялық сапасы нашарлайды, өнімділігі жоғары сиырларды сауудан шығарады, желінсаумен ауыратын сиырдан алынған сүтті сатылымға жіберуге болмайды.

Желінсаумен күрес сүт өндіру саласындағы ең басты проблемалардың бірі болып табылады, осыған байланысты сүт өндіретін әр шаруашылықта желінсаумен күресу бағдарламасы болу керек. Алайда іс жүзінде бұл бағдарламалар жүзеге аспай отыр, себебі бұл бағдарламаларды орындау өте қымбат, әрі желінсауды толық қанды жою қабілеті төмендігінде[2,3].

Желінсау ауруымен ауырған ірі қараның сүт өнімділігі 15 % дейін төмендейді, сонымен бірге ауырған сиырлардың 20-25% дейінгісі саууға жарамай, олардың пайдалану мерзімі 2-3 жылға қысқарады. Мұнымен қоса, сүттің сапасы төмендеп, қатардан шыққан мал төлдемейді, ал енесінің желіні қабынған бұзаулар аурушаң болып, тез шығынға ұшырайды[4,5].

Осы тұрғыда, біздің тақырыптың өзектілігі сиыр желінінің инфекциялық аурулары ішіндегі стафилококктар мен стрептококктар тудыратын желінсау ауруын анықтау және алдын алу болып табылды.

Жұмыстың мақсаты – сиыр желінінің инфекциялық ауруы инфекциялық желінсауды диагностикалау және профилактикалаудың заманауи әдістерін құрастыру.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:

1. Ақмола облысы «Ижевский» өндірістік кәсіпорнында сиыр желінінің инфекциялық ауруларын диагностикалау және профилактикалаудың әдістерін тәжірибе жүзінде іске асыру;
2. Барлық диагностикалау әдістерін салыстырмалы түрде бағалау;
3. Өндіріске заманауи тиімді профилактикалық әдістерді ұсыну.

Зерттеу жұмысы Ақмола облысы, Аршалы ауданының Ижевск ауылындағы «Ижевск» ӨК шаруашылығында және ғылыми зерттеу бөлімі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринария және мал шаруашылығы технология факультетінің, ветеринарлық медицина кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нысаны ретінде қара-ала тұқымдас сиырлар пайдаланылды, желінсауларды диагностикалау әдістерін жүргізу және нақтылау мақсатында акушерлік-гинекологиялық диспансеризация жүргізілді. Осы кезде жануарлардың жалпы жағдайына, сүт безі мен әр желін бөлігінен алынған сүттегі өзгерістерге көңіл аудардық.

Клиникалық зерттеу. Қарау кезінде желіннің көлемі мен пішініне, оң жақ және сол жақ емшектерінің симметриялық орналасуын, емшектерінің көлемі мен пішінін, желіннің терісінің тұтастығы мен түсіне назар аудардық. Желінсау кезіндегі желіннің ұлпаларындағы өзгерістер аурудың сипаты мен қабынудың ұзақтығына байланысты. Сүт цистернасының үстіңгі жағын қолмен басып қарағанда, желінсаумен ауыратын сиырларда экссудаттың жиналуы, сықырлауын, қасаңдықтарды, нығыз және флюктууралық түйіндердің бар-жоғы анықталды.

Бұл шараларды жүргізбей, бастапқы кезде шыққан ауруларды тез арада баламай, алдын алмаса, уақытында барлығы дұрыс орындалмаса, желінсаудың одан әрі қарай тарауына септік тигізіледі. Зақымдалған жеріндегі терісі әдетте қызыл түсті болды, желіннің ұлпаларымен астасып жатыр. Емшектері үрпілдеп, борпылдап, қан кернеп тұрады. Клиникалық зерттеулер малды тексеруден, дене температурасын, тамырдың соғысын, тыныс алу жиілігін өлшеуден басталады. Сүт безін желінүсті лимфатикалық түйіндерді және өндіру органдарын зерттеуге ерекше назар аударылады.

Сиырлар арасында желінсаулардың таралу дәрежесін сиырлардың жасына, сүт өнімділігіне, оның құрылысының анатомиялық ерекшеліктеріне, ұстау, азықтандыру әдістеріне, сонымен қатар, сауын жабдықтары жағдайына байланысты анықтадық.

Сиырлардың желінсауларын анықтау кезінде бірнеше диагностикалық тесттер: СМТ Соматик-тест, 2% Калифорниялық тест, Уайтсайд және тұндыру сынамасы пайдаланылды.

Шаруашылықтағы қара ала тұқымдас 30 бас сауын сиырлар және олардың 120 сүт сынамалары алынып, бірнеше диагностикалық тесттер арқылы желінсауға зерттедік. Зерттеуге алынған сынамалардың нәтижесі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте- Сиырлардың сүт сынамаларын зертханалық тесттер арқылы зерттеу нәтижелері

Диагностикалық тесттер	Зерттеу нәтижелері								Анықталған ауру сиырлар саны	
	оң				Теріс					
	Желін бөліктері									
	АО	АрО	СА	АрС	АО	АрО	СО	САр	Бас.	%
СМТ Соматик-тест	2	2	2	1	28	29	28	29	7	23,3
Калифорния мастит тесті	2	0	1	1	28	30	29	28	4	13,3
Уайтсайд сынамаcы	1	2	1	1	29	28	29	30	5	16,7
Тұндырма сынамаcы	1	2	2	2	29	28	28	28	7	23,3

Ескертулер:
1 АО –алдыңғы оң желін бөлігі;
2 АрО –артқы оң желін бөлігі;
3 СА –сол жақ алдыңғы желін бөлігі;
4 САр –сол жақ артқы желін бөлігі.

Кестеден көретініміз, СМТ Соматик-тестімен сүт сынамаларын зерттеген кезде 7 сиырдан желінсауға оң нәтиже алынды, ал 23 сиырда теріс нәтиже алынды. Ал, Калифорния мастит тестімен зерттеген кезде 4 сиырда оң реакция білінсе, 26 сиырда теріс нәтиже алынды. Ал, сүтті Уайтсайд сынамаcымен зерттегенде 5 ауру сиыр анықталды, бұл 16,7% құрайды. Сүттің тұндыру сынамаcын пайдалана отырып, зерттелетін сынамаларында 7 жағдайда оң реакция байқалды. Айта кетері бақылау ретінде де осы тұндыру сынамаcы пайдаланылды.

СМТ Соматик-тестімен сүт сынамаларын зерттеген кезде, ол өзінің қарапайымдылығымен және қол жетімділігімен тәжірибелік маңызы зор екінін көрсетті және жоғары диагностикалық нәтиже берді. Сондықтан сиырларды желінсауға жаппай тексеру кезінде СМТ Соматик-тестімен және тұндыру сынамаcын қолдану тиімді екені белгілі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманов Т.Ж. Заболевание коров маститом в зависимости от морфофункциональных показателей. Вестник с./х. Науки Казахстана. 2000. №3. с.49-52.
2. Т.Ж.Абдрахманов. Лечение коров, больных маститами. Вестник с./х. науки Казахстана 11-12, 1999, Алматы. С.109-116.
3. Martinez-Pacheco, Dari; Cruz-Carrillo, Anastasia ;Millan, Alirio; Moreno-Figuero, Giovanni, Evolution of resistance from Bacteria Causing

Clinic and Subclinic mastitis Against Some Antimicrobials Used in dairy cows in Sotaquira Municipality, REVISTA CIENTIFICA-FACULTAD DE

4. Васильев В.Г. Терапия коров, больных маститом в сухостойный период. Вет. 1998. №1. с.38.

5. И.Т.Жақыпов, Т.Ж.Әбдірахманов, А.Н.Ахметов,
Акушерлік,гинекология және жануарларды көбейту
биотехникасы.Астана,2012.с. 200-201